



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ САПАСЫН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Муканов Кадиргазы Камалович

kadirgazi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Ақпараттық технологиялар» факультетінің МИБ-21 тобының
магистранты, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.К.Нурбекова

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Кез келген дамыған елде білім сапасы мемлекет пен қоғамның қатаң бақылауында тұрады. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт.

Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә. Назарбаев «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» – деген болатын.

Білім беру сапасы – Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, Т.И.Шамова, В.К.Кальней, Б.Әбдікаримов т.б. ғалымдардың еңбектерінде таданған. Оқыту сапасының өлшемдері Ж.А.Қараев, М.Ж.Жадрина, Т.Т.Галиев, Г.О.Искакова сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде ал білімді ақпараттандыру мәселелерін шешу Г.Б.Ахметова, Б.Б.Баймұханов, Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Д.М.Жүсібалиева, С.С.Құнанбаева, Е.Ө.Медеуов, Е.А.Нәбиев, Г.Қ.Нұрғалиева, Ж.Қ.Нұрбекова, Ә.І.Тәжіғұлова, С.С.Үсенов, А.Т.Чакликова, А.Қ.Козыбай еңбектерінде әр қырынан талданған.

Білім беру сапасын басқаруды ұйымдастыра білу нәтижесінде қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуын және даму болашағының қажеттілігін анықтауға болады.

Ал осы білім сапасын басқаруды ақпараттандыру жағдайында қалай үйлесімді жүзеге асыруға болады деген мәселе бүгінгі күннің мәселесі. Білімді ақпараттандыру жүйесінің негізгі мақсаты – ақпараттық-қатынастық технологияның (АҚТ) қазіргі заманға сай жетістіктерін пайдалана отырып, елімізде білімнің сапасын арттыратын, болашақ кәсіби шеберлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыратын, мәдениаралық және тілдік коммуникацияның негізін жасауға бағытталған, бірыңғай танымдық орта жасау. Өйткені ақпараттандыру жағдайында білім алушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Бүгінгі таңда ақпараттандыру жағдайында білім сапасын басқарудың төмендегідей мәселелері кездеседі:

1. Адами капитал мәселесі, яғни
 - Дәстүрлі оқытуды қалаған мұғалімдердің АҚТ құзыреттіліктерінің жетіспеушілігі;
 - Бағдарламаларды жасайтын ІТ компаниялардың пәндік аумақ бойынша, яғни білім беру саласы, бағыты бойынша білімдерінің жетімсіздігі;
 - Қоғам тұтастай алғанда жоғары білімдік нәтижелер жетістігіне нашар бағдарланған.
2. Қаржылық ресурстардың жетіспеушіліктері
 - Нақты даму стратегиясы, оны жүйелі қаржыландыру жетімсіз;
 - Бөлінген қаржы жүйелі, нақты игерілмеуі;
3. Техникалық, бағдарламалық ресурстардың жеткілікті қамтамасыз етілмеуі
 - Компьютермен жабдықталу біркелкі емес.
 - Әртүрлі операциялық жүйелер болғандықтан шектеулер көп. Қосымша кроссплатформалау қажеттігінің туындауы. Сәйкестік баланс жоқ.

- Ақпараттық жүйелер негізінен білім алушыға емес, әкімшілендіруге бағытталған. Жеке тұлғаға бағыттала білімді игертудің өзіндік траекториясын ұсыну қарастырылмаған.

Бүгінгі таңда білім беру мекемелері оқу үдерісіне қажетті бірыңғай қолданбалы бағдарламалармен жабдықталмаған. Басшылыққа өткізетін түрлі есептер мен олардың жүйесіздігі мен әртекстілігі оқытушылардың уақытын алып, көңілдерін бөліп, білім сапасына кері әсерін тигізуде. Осы тұрғыда білім сапасын басқаруды ұйымдастыру, есептерді жүйелендіру, басқарудың тиімді тетіктерін қарастырып, технологиясын ұсыну кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Қазіргі заманғы педагогика ғылымы да практика сұраныстарынан артта қалып отыр. Жаңа ақпараттық және жаңа педагогикалық технологияларды біріктіруге көмектесетін және жаңа білімдік нәтижелерге жетуге кепілдік беретін нормативтік құжаттар мен әдістемелік дайындамалар өте-мөте жеткіліксіз.

Осы орайда ақпараттандыру жағдайында сапалы басқару жүйесін жоспарлауға сапа саласындағы сапа саясаты мен мақсаттары жасалынып, төмендегі басым-бағыттарды қолданған жөн:

- заңнамалық талаптар мен жалпы белгіленген стандарттар негізінде білім беру қызметі сапасының басқару жүйесін қалыптастыру;
- кадрлық әлеуетті дамыту;
- қазіргі ақпараттық технологияларды пайдаланып, кадрларды дайындау сапасының мониторингісі жүйесін дамыту;
- жауапкершілігі зор, азаматтық сана-сезімі қалыптасқан, өмір бойы үздіксіз білім алу қажеттілігін түсінген жеке тұлғаның өз шығармашылығын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін академиялық ортаны дамыту;
- материалдық-техникалық базаны жүйелі нығайту.
- АҚТ енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту, білім беру сапасын көтеру;
- еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену яғни, отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету, білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;
- республиканың білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқару салаларының ақпараттық желісін құру
- білім беруді ақпараттандыруға жоғары мүдделілік таныту.

Сонымен басты бағдар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін ортақ ақпараттық білім беру ортасын құру, азаматтардың барлық сатылар мен барлық деңгейлерде білім алуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануды жүзеге асыру болуы тиіс. Инновациялық дамудың негізгі әлеуетінің деңгейі тікелей білім сапасымен анықталатындықтан, білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі барлық деңгейде білім беру сапасын басқарудың үлгілерін әзірлеп, жүйелі сапа саясатын ұстану бүгінгі күн талабы.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». ҚР Президентінің 7/12/2010 ж. № 1118 Жарлығы.
2. Коротков Э.М., Білім сапасын басқару. ЖОО-ға арналған оқу құралы. - Мәскеу, 2006.
3. Панасюк В.П. Системное управление качеством образования в школе. - М., 2000.
4. «Қазақстан Республикасының білім туралы заңы». (2012.09.01, берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) ИС ПАРАГРАФ, 23.02.2012.
5. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары», ҚР Президентінің 1/02/2010 ж. № 922 Жарлығы.